

Ауданың ауылдық елді мекендеріне 2009 жылы жұмыс істеу үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі № 100 шешімі. Ақтөбе облысының Байғанин аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 27 тамызда N 3-4-82 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2010 жылғы 5 ақпандағы № 127 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2010.02.05 № 127 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 7 бабы З тармағына, 2009 жылғы 18 ақпандығы Укіметтің № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Ауданың ауылдық елді мекендеріне 2009 жылы жұмыс істеу үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*H. Нұрмғанбет*

*Мәслихат хатшысы*

*B. Турлыбаев*